

АРАЛЫҚ БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ЕСЕП

Грант алушы: “Жамбыл облысы жастар ұйымдарының Қауымдастығы” заңды тұлғалар бірлестігі

Грант тақырыбы: “Бес әлеуметтік бастаманы іске асыру бойынша “Азаматтық бақылау” қоғамдық мониторингін жүргізу”

Грант сомасы: 18 000 000 (он сегіз миллион) теңге

1. Есепті кезең: 1 сәуір -31 шілде аралығы

2. Әлеуметтік жоба шеңберіндегі іс-шараларды сипаттаңыз (*гранттық шартқа №3 қосымшаның іс-шараларын сипаттау тармағына (жобаның егжей-тегжейлі сипаттамасы) сәйкес жоспарланған индикаторларға қол жеткізу деңгейін көрсете отырып, есептілікті ұсыну сәтінде орындалған әрбір міндет бойынша сипатталған*). Есепке қоса берілген растау құжаттары бар қосымшаның нөмірін көрсетіңіз.) Бастаманың орындалудағы кемшіліктері сараланып, мүдделі органдарға ұсыныстар беріліп, Облыстық Қоғамдық кеңестің отырысында қаралмақ. Отырыстың нәтижесінде мемлекеттік мекемелерге ұсынымдар жолданбақ. Ал Қоғамдық кеңестің ұсынымдарына уәжді жауап берулері тиіс. Бастаманың орындалу деңгейі анықталып, нақты ұсыныстар мүдделі органдарға жолданатын болады. Бастамаға қол жеткізгендердің пікірлері ескерілетін болады.

1-міндет. Бес әлеуметтік бастаманы іске асырудың қоғамдық мониторингін үйлестіру

1 іс-шара. Бес бастаманы іске асыруды мониторингілеу мақсатында сарапшылар қатарынан топ құру.

Бес бастаманы іске асыруды «Азаматтық бақылау» мақсатында әлеуметтік және педогогика ғылымдарының магистрі құрамынан сарапшылар тобы құрылды.

Сарапшылар құрамы: 1. Кулиева Зарина Махмудовна (әлеуметтік ғылымдарының магистрі)

2. Тапаева Альбина Маратовна (педогогика ғылымдарының магистрі)

Сарапшылар бірлесе отырып зерттеу бағдарламасы және оның құралдарын (*әдістеме, сұхбат, сауалнама, фокус-топ*) әзірледі.

Сарапшыларға жолданған хат және келісім парағы, бекітілген сарапшылар саны, қамтылған өңірлер тізімі тігілді. Зерттеу талдауы мен ұсынымдар тізімі, ұсыныстарды мемлекеттік органдарға жолдау хаттарын 17 өңір бойынша зерттеу талдау мен ұсыныстар толықтай жасақталмағандықтан жобаның қорытынды есебінде жолдайтын боламыз.

Қарастырылатын мәселені анықтап, уәкілетті органдарға жолдау туралы құжаттарды дайындауда. (*1 қосымша*)

Бес бастаманы іске асыруды мониторингілеу мақсатында 14 облыс, 3 республикалық маңызы бар қалаларға бес бастама бойынша атқарылған және атқарылатын жұмыстары туралы сұраныс хаттары жолданды. Нәтижесінде 14 облыс пен 3 қаладан бес бастама бойынша жауаптары алынды.

2 іс-шара. Бес әлеуметтік бастаманы «Азаматтық бақылау» мониторингін өткізу бойынша мүдделі және мемлекеттік органдардың өкілдерімен сұхбат жүргізу (Жамбыл облысы).

Бес әлеуметтік бастаманы «Азаматтық бақылау» мониторингін өткізу бойынша мүдделі және мемлекеттік органдардың өкілдерімен сұхбат жүргізу мақсатында үшінші бастама бойынша Тараз мемлекеттік педагогикалық университетінің ректоры **Е.Әмірбекұлынан**, Жамбыл медициналық жоғарғы колледжінің директоры **Ж.Сарыбековадан** сұхбат алынса, төртінші бастама бойынша “Аграрлық несиесі корпорациясы” АҚ Жамбыл облыстық филиал директорының орынбасары **А.Айтбаевтан**, “Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры” АҚ Жамбыл облыстық филиал директоры **Б.Мырзағалиевтен** сұхбат алынды. Сұхбатта сарапшылардың берген ұсыныстары сұрақ ретінде қойылып, TURANINFO.KZ ақпарат агенттігінде, YouTube желісінде “Азаматтық бақылау” каналында, “Жамбыл облысы жастар ұйымдарының Қауымдастығы” фейсбук әлеуметтік желісінде жарық көруде. Нәтижесін облыс тұрғындары бастамалардың орындалуы туралы ақпараттануда.

Бірінші бастама бойынша Ұлттық банк өкілінен, жергілікті атқарушы биліктің тұрғын үй саласы бойынша өкілінен, Екінші бастама бойынша салық басқармасының басшылығынан, Бесінші бастама бойынша газбен қамтамасыз ететін мүдделі мемлекеттік орган өкілдерінен **жоспарға сәйкес** қыркүйек айына дейін сұхбаттар алынады.

- Электрондық тасымалдағышта саны **4 дана** бейнероликтер салынды.
- Өткізілетін сұхбаттардың тізімі мен бекітілген сұхбат сұрақтары қоса тігілді.
- БАҚ жарияланымдарында көрініс тапқан материалдар тігілді. БАҚ сілтемелері көрсетілген скриншот түріндегі басылымдар ұсынылды.
- YouTube арнасында көру саны бүгінгі күнге дейін 886 қаралым болды. Қаралым бойынша индикаторға қол жеткізу қараша айына дейін 1000 қаралым жинау жоспарлануда. YouTube арнасының бетін скриншот түрінде көру бойынша индикатордың қол жеткізгенін растай отырып, көру саны туралы ақпаратты ұсынамыз. *(2 қосымша)*

2-міндет: Халықты толғандыратын проблемалық мәселелерді анықтау және шешу бойынша өңірлерде мемлекеттік органдардың қызметіне мониторинг жүргізу бойынша жұмысты ұйымдастыру.

1 іс-шара: Бес әлеуметтік бастаманы іске асыру бойынша пәтер иелері, кәсіпкерлер, тұрғылықты халықтан адрестік сауалнама жүргізу.

Бес әлеуметтік бастаманы іске асыру бойынша пәтер иелері, кәсіпкерлер, тұрғылықты халықтан адрестік сауалнама өткізу шеңберінде аталған Жамбыл облысында 7-20-25 бағдарламасы бойынша пәтер иелерімен кері байланыс жүргізіліп, бастама бойынша несиесіне қол жеткізген кәсіпкерлермен, жатақхана қажеттілігі бойынша студенттермен, сонымен қатар бесінші бастама бойынша газдандырылған ауыл тұрғындарымен кері байланыс жасалынды. Сауалнама сұрақтары арнайы құрылған сарапшылар тізімімен құрылды.

- Осы іс-шара бойынша сұралған қатысушылардың саны бойынша ақпарат бар. Сұралған қатысушылардың индикаторларына қол жеткізу бойынша растау құжаттары – 2100 сауалнама жасалды.
- Осы іс-шара бойынша серіктестермен шарттар мен хаттар ұсынылады. Серіктестік туралы серіктестерге жіберілген хаттар бар.
- "Бес әлеуметтік бастаманы іске асыру бойынша пәтер иелері, кәсіпкерлер, халыққа атаулы сауалнама жүргізу" шарасы бойынша республика көлемінде 15 үкіметтік емес ұйымдар жұмыс атқаруда. Он төрт ұйым келісім хаттарын жолдап аралық есепке толтырылды. Ал, «Жастар - зерттеу» жастар қоғамдық бірлестігіне жолданған хат пен «Жамбыл облысы жастар ұйымдарының Қауымдастығы» ЗТБ келісім

хаты ақтық есепте берілетін болады. Толтырылған сауалнамалардың көшірмелердің, сұралған тұлғалардың жалпы санының 3% - ы көлемінде толтырылған сауалнамалардың көшірмелерін, респонденттердің жауаптары көрсетілген SPSS форматында деректер кестесін, сауалнаманың әрбір мәселесі бойынша диаграмма талдауын, диаграмма есебін, сарапшылардың рецензиялары / қорытындылары, жобалау командасының мүшесі және ұйымның қызметкері болып табылмайтын сарапшылардың рецензияларын/ қорытындыларын, уәкілетті мемлекеттік органдарға және жергілікті қоғамдық кеңестерге жіберілген ресми хаттардың көшірмелерін толықтай сауалнамалар толтырылып, жұмыс аяқталғаннан кейін ұсынылатын болады. **(3 қосымша)**

Осы іс шараның толықтай орындалу индикаторлары ақтық есепте белгіленетін болады. Қазіргі уақытта сауалнамалардың жауаптары сараланып, қорытындылау жұмыстары жүргізілуде.

2 іс-шара: “Жасырын тұтынушы” жобасы. (Жамбыл облысы)

Жамбыл облысында бес әлеуметтік бастама бойынша көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге «Жасырын тұтынушы» жобасы арқылы қызметті бағалау жүргізілді. Жобаны іске асыру барысында “Жасырын тұтынушы” қызметін атқаратын арнайы топ жасақталып, бағдарламасы әзірленді. Бақыланған мекемелер саны 34. Атап айтқанда:

1	«Атамекен» Жамбыл облысы кәсіпкерлер палатасы	Тараз қаласы
2	Тараз қаласы әкімдігі Тұрғын үй инспекциясы бөлімі	Тараз қаласы
3	Тараз қаласы әкімдігінің Кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімі	Тараз қаласы
4	М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті	Тараз қаласы
5	Жамбыл политехникалық жоғары колледжі	Тараз қаласы
6	«Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ Жамбыл облыстық филиалы	Тараз қаласы
7	Қазақстанның Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі Жамбыл облыстық орталық кеңсесі	Тараз қаласы
8	«Атамекен» Жамбыл облысы Талас аудандық кәсіпкерлер палатасы	Талас ауданы
9	Талас ауданы әкімдігі Тұрғын үй инспекциясы бөлімі	Талас ауданы
1	Талас ауданы әкімдігі Кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімі	Талас ауданы
1	Халыққа қызмет көрсету орталығы	Талас ауданы
1	М.Х.Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университеті. Қаратау Тау-Кен колледжі	Талас ауданы

1	«Атамекен» Жамбыл облысы Сарысу аудандық кәсіпкерлер палатасы	Сарысу ауданы
1	Сарысу ауданы әкімдігі Тұрғын үй инспекциясы бөлімі	Сарысу ауданы
1	Сарысу ауданы әкімдігі Кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімі	Сарысу ауданы
1	Халыққа қызмет көрсету орталығы	Сарысу ауданы
1	Жаңатас көпсалалы колледжі	Сарысу ауданы
1	«Атамекен» Жамбыл облысы Т.Рысқұлов аудандық кәсіпкерлер палатасы	Т.Рысқұлов ауданы
1	Т.Рысқұлов ауданы әкімдігі Тұрғын үй инспекциясы бөлімі	Т.Рысқұлов ауданы
2	Т.Рысқұлов ауданы әкімдігі Кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімі	Т.Рысқұлов ауданы
2	Халыққа қызмет көрсету орталығы	Т.Рысқұлов ауданы
2	«Атамекен» Жамбыл облысы Меркі аудандық кәсіпкерлер палатасы	Меркі ауданы
2	Меркі ауданы әкімдігі Тұрғын үй инспекциясы бөлімі	Меркі ауданы
2	Меркі ауданы әкімдігі Кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімі	Меркі ауданы
2	Халыққа қызмет көрсету орталығы	Меркі ауданы
2	«Атамекен» Жамбыл облысы Қордай аудандық кәсіпкерлер палатасы	Қордай ауданы
2	Қордай ауданы әкімдігі Тұрғын үй инспекциясы бөлімі	Қордай ауданы

2	Кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімі	Қордай ауданы
2	Халыққа қызмет көрстеу орталығы	Қордай ауданы
3	«Атамекен» Жамбыл облысы Шу аудандық кәсіпкерлер палатасы	Шу ауданы
3	Шу ауданы әкімдігі Тұрғын үй инспекциясы бөлімі	Шу ауданы
3	Шу ауданы әкімдігі Кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімі	Шу ауданы
3	Халыққа қызмет көрстеу орталығы	Шу ауданы
3	№10 Шу колледжі	Шу ауданы

- "Жасырын тұтынушы" жобасының тұжырымдамасы тігілді.
 - "Жасырын тұтынушы" жобасының тұжырымдамасына талдау жасалынды.
 - Ұсынылған бағдарламада мақсаттар, міндеттер, күтілетін нәтижелер жасалынып, талдамасы ұсынылды.
 - Жамбыл облысы бойынша аудандарды қамту бөлігінде индикаторларға қол жеткізілген. Қауымдастық президентінің бекіткен "Жасырын тұтынушы" жобасының араланатын мекемелер тізімінде Жамбыл облысының Тараз қаласы мен 6 аудандарын (Сарысу, Талас, Т.Рысқұлов, Меркі, Қордай, Шу) қамту деген толық тізім ұсынылды.
 - "Жасырын тұтынушы" жобасы бойынша фотосуреттер мен аудио жазба электронды тасымалдаушыда берілді.
 - "Жасырын тұтынушы" жобасының нәтижелері бойынша ұсыныстар мен ұсыныстарды жолдау туралы хаттардың көшірмелері тігілді.
- (4 қосымша)**

3 іс-шара: Мемлекеттік органдар халықтың қажеттіліктерін және олардың мәселелерін анықтау сияқты мәселе бойынша мемлекеттік органдардағы фокус топтар.

- Қатысушылар тізімі бойынша индикаторларға қол жеткізіледі. Есепке Жамбыл облысының фокус тобы ғана тігілді, ал қалған облыстар мен Нұр-сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларында өткізілу керек фокус топтардың есептері ақтық есепте көрсетілмек.
- Фокус топ отырыстарының бейне / аудио жазбалары электрондық тасымалдаушыда берілді. Фэйсбук әлеуметтік желісінің «ОЮЛ «Ассоциация молодежных организации ЖО» акты парақшасында видео мен фотокоры жарық көрді.

- Фокус-топ отырысының нәтижесі бойынша транскрипт индикаторларына қол жеткізуді, аналитикалық анықтамаларды растайтын ақпаратты уақыттың тығыздығына орай жобаның қорытынды есебінде ұсынатын боламыз.
- Осы бағытта әр облыста құрылған фокус топтардың 2 тілде (қазақша-орысша) аналитикалық анықтамасы және нәтижелерінің транскриптері әзірленеді. Ендігі кезекте сарапшылардың міндеті аналитикалық анықтама түрінде жасалған жобаның нәтижелері бойынша ұсынымдар дайындау болып табылады. **(5 қосымша)**

3-міндет: Азаматтардың өңірлерді дамытуға қатысуы арқылы азаматтық жауапкершілік деңгейін арттыру жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру

1 іс-шара J-RECEPTION.KZ сайтымен кері байланыс

Кері байланыс орнату мақсатында J-RECEPTION.KZ сайтына тұрғындар ұсыныстарын, пікірлерін, өтініштері мен сұрақтарын жолдай алады. Сайтқа түскен тұрғындардың ұсыныстары, пікірлерін, өтініштері мен сұрақтарын мүдделі мемлекеттік органдарға жолдап және жауаптарын зерделенеді. Сайтқа сұрақтарды түсіру арқылы ақпараттандыру жұмыстарын жүргізіледі. Сонымен қатар, электрондық кеңес беру журналы, «Бес бастама бойынша» сұрақтар, пікірлер, өтініштер кестесі, мүдделі мемлекеттік органдарға хат жолдау, сұрақ қою айдары жұмыс жасайды. J-RECEPTION.KZ сайтына тіркеліп, мазалаған кез келген сұрақтарға жауап табуға болады. J-RECEPTION.KZ сайтында басты бетте бес әлеуметтік бастама бойынша атқарылған жұмыстар және атқарылатын жұмыстар бойынша ақпараттар салынуда. Қосымша ретінде сұрақ қою айдарының скрині, электрондық кеңес беру журналының скрині, «Бес бастама бойынша» 4 сұрақ түсіп, оның 3-іне жауап берілді. «Бес бастама бойынша» қойылған сұрақтар мүдделі мемлекеттік органдарға хат жолданып, жауаптары алынды. Қалған сұрақтары мен жауаптар ақтық бағдарламалық есепте көрсетілетін болады. **(6 қосымша)**

2 іс-шара Азаматтық жауапкершілікті арттыруға бағытталған бейнеролик дайындау.

- Бейне-ролик электрондық тасымалдаушыда жазылып. Сілтеме көрсетілген дайджест жасақталды..
- Бейне көру саны бойынша индикаторға қол жеткізу туралы ақпарат бар. Скриншот түрінде көру бойынша индикаторға қол жеткізгенін растай отырып, бейнероликті қарау саны туралы ақпарат ұсынылды.
- Бейнероликті орналастыру көздері 5. Бейнероликті орналастыру көздері туралы ақпарат берілді.

Әлеуметтік желіде 40 секундты хронометражды бейнеролик қазақша-орысша тілдерінде жарық көрді. Бейнеролик “You tube” желісінде “Азаматтық бақылау” каналында, “Жамбыл облысы жастар ұйымдарының Қауымдастығы” фейсбук әлеуметтік желісінде жарық көруде. Нәтижесін облыс тұрғындары бастамалардың орындалуы туралы ақпараттануда. Онда қаралым саны 126 560-ға жетті. **(7 қосымша)**

Семинар, тренинг, дөңгелек үстел, форум және т. б. сияқты оқыту және ақпараттық-насихаттау іс-шараларын сипаттау кезінде кестені толтыра отырып, қатысушылар туралы мәліметтерді көрсетіңіз:

№	Іс-шараның атауы	Өткізу күні	Өткізу орны (қала / ауыл мекенжайы)	Қатысушылар саны	Қатысушылар санаты	Тартылған сарапшылар	Жоспарланған іс-шаралардың толық орындалуы	Растайтын құжаттармен № __ қосымша
---	------------------	-------------	--	------------------	--------------------	----------------------	--	------------------------------------

<p>Бес бастаманы іске асыруды монитингілеу мақсатында сарапшылар қатарынан топ құрылды</p>	<p>сәуір</p>	<p>Жамбыл облысы, Тараз қаласы</p>	<p>3</p>	<p>сарапшылар</p>	<p>Кулиева Зарина Махмудовна, Тапаева Альбина Маратовна, Мамедова Парида Иманжановна</p>	<p>Сарапшылар бірлесе отырып зерттеу бағдарламасы және оның құралдарын (<i>сұхбат, сауалнама, фокус-топ</i>) әзірледі. Қарастырылатын мәселені анықтап, уәкілетті органдарға жолдау туралы құжаттарды дайындауда.</p>	<p>№ 1 қосымша Сарапшылардың келісім парағы. Бекітілген сарапшылардың саны. Сарапшылардың тізімі. Қамтылған өңірлер саны.</p>
<p>Бес әлеуметтік бастаманы «Азаматтық бақылау» монитингін өткізу бойынша мүдделі және мемлекеттік органдардың өкілдерімен сұхбат жүргізу</p>	<p>мамыр</p>	<p>Жамбыл облысы, Тараз қаласы</p>	<p>4</p>	<p>ректор, директорлар</p>	<p>Кулиева Зарина Махмудовна, Тапаева Альбина Маратовна, Мамедова Парида Иманжановна</p>	<p>Сұхбатта сарапшылардың берген ұсыныстары сұрақ ретінде қойылып, TURANINFO.KZ ақпарат агенттігінде, You tube желісінде “Азаматтық бақылау” каналында, “Жамбыл облысы жастар ұйымдарының Қауымдастығы” фейсбук әлеуметтік желісінде жарық көруде.</p>	<p>№ 2 қосымша 4 видео нұсқа (<i>электронды тасымалдағышқа салынды</i>). 4 Алынған мақала нұсқасы. 4 Бекітілген сұхбат сұрақтары. 9 Сұхбатқа қатысушылар тізімі. 4 Кездесулер саны. БАҚ жариялымдарының скриншоты.</p>

	Бес әлеуметтік бастаманы іске асыру бойынша пәтер иелері, кәсіпкерлер, тұрғылықты халықтан адрестік сауалнама жүргізу.	маусым-шілде	14 облыспен Нұрсұлтан, Алматы, Шымкент қалалары	2100	облыс тұрғындары	Мамедова Париди Иманжановна	Тараз қаласы мен 10 ауданда адрестік сауалнама жүргізілді. Қалған облыстарда тамыз айының соңына дейін жүргізілетін болады.	№ 3 қосымша Сұралғандарды қамту тізімі. Сұралғандардың саны. Қамтылған аумақ тізімі. 14 Серіктестермен келісім хаттары Серіктестердің саны.
	“Жасырын тұтынушы” жобасы (Жамбыл облысы)	маусым-шілде	Жамбыл облысы	34 мекеме	мүдделі және мемлекеттік органдар	Тапаева Альбина Маратовна	Тараз қаласы мен 6 ауданда мүдделі және мемлекеттік органдарда жасырын тұтынушы жобасы жүргізілді.	№4 қосымша Жобаның тұжырымдамасы. Тұжырымдамаға талдама. Бағдарлама. Бақыланатын мекемелер тізімі. Суреттер (электрондық тасымалдаушыда) Аудиожазбалар. Ұсынымдар.
	Мемлекеттік органдар халықтың қажеттіліктерін және олардың мәселелерін анықтау сияқты мәселе бойынша мемлекеттік органдардағы фокус топтар.	маусым-шілде	Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Әл Фараби көшесі 1а. Ark MS кешені	25	мүдделі және мемлекеттік қызметкерлері, кәсіпкерлер, зейнеткер, банк қызметкерлері т.б.	Тапаева Альбина Маратовна	Аналитикалық анықтама түрінде жобаның нәтижелері бойынша ұсынысмадар дайындалуда.	№5 қосымша Бағдарлама. Гайд сұрақтар. Қатысушылар тізімі. Қатысушылар саны. Фокус топтар саны Бейне және аудио жазбалар.

3. Әлеуметтік жобаның тәуекелдері (осы бөлімде жобаның барысы мен нәтижесіне әсер етуі мүмкін ықтимал тәуекелдерді көрсету қажет)

Тәуекел	Ықтималдықты төмендету және салдарларды азайту стратегиясы
Серіктес ретінде тартылған ҮЕҰ-дар тапсырылған қызметтерді сапасыз орындауы мүмкін.	Қызметтің сапасыз орындалмауын алдын алу үшін фокус топ отырысының алдын ала қатысушылар тізімін алатын боламыз, сауалнамаларды сапалы орындауы үшін әрдайым байланыста отырып, сауалнама толтырушылармен кері байланыс орнатып отырамыз.

Ескерту: аралық бағдарламалық есеп бірнеше қосымшалардан тұруы тиіс. Осы есептің 2-тармағында сипатталған әрбір іс-шара немесе қызмет түрі барлық растайтын құжаттармен бірге жеке қосымшада көрсетілуі тиіс

Қосымшаның нөмірі	Міндеттер атауы	Растайтын құжаттар
1-қосымша	Бес бастаманы іске асыруды мониторингілеу мақсатында сарапшылар қатарынан топ құру	Хаттар, сарапшылар тізімі, сарапшылардың келісім парағы, бекітілген сарапшылар тізімі, зерттеу бағдарламасы, қамтылған өңірлер тізімі.
2-қосымша	Бес бастаманы «Азаматтық бақылау» мониторингін өткізу бойынша мүдделі және мемлекеттік органдардың өкілдерімен сұхбат жүргізу (Жамбыл облысы)	алынған мақала нұсқасы, бекітілген сұхбат, сұхбатқа қатысушылар тізімі, кездесулер саны, дайджест.
3-қосымша	Бес әлеуметтік бастаманы іске асыру бойынша пәтер иелері, кәсіпкерлер, тұрғылықты халықтан адрестік сауалнама жүргізу	қамтылған аумақ тізімі, хаттар, серіктестер саны, келісімшарттар.

4-қосымша	«Жасырын тұтынушы» жобасы (Жамбыл облысы)	бағдарлама, мекемелер тізімі, суреттер, жоба қорытындысы туралы ақпарат, талдама, стенограммалар, келісімшарт.
5-қосымша	Мемлекеттік органдар халықтың қажеттіліктерін және олардың мәселелерін анықтау сияқты мәселе бойынша мемлекеттік органдардағы фокус топтар	бағдарлама, гайд сұрақтар, қатысушылар тізімі, суреттер, әдістеме, кері байланыс парағы, хаттар.
6-қосымша	J-RECEPTION.KZ сайтына тұрғындар ұсыныстары, пікірлерін, өтініштері мен сұрақтарын жолдау (кері байланыс орнату үшін)	Тұрғындардан келіп түскен сұрақтар, мүдделі мекемелерге жолданған хаттар мен жауаптары. Скриндер.
7-қосымша	Азаматтық жауапкершілікті арттыруға бағытталған бейнеролик дайындау	сценарий, дайджест.
8-қосымша	«Бес әлеуметтік бастаманы іске асыру бойынша «Азаматтық бақылау» қоғамдық мониторингін жүргізу» аясында сәуір, мамыр, маусым айлары аралығында жарияланған ақпараттардың сандық көрсеткіштері	Дайджест, скриндер.

Есеп беттерінің жалпы саны: _____

Қауымдастық президенті/ _____ / И.Д.Дастан

Толтыру күні _____

Мөр орны